

11. Мазаев А.Г. Закономерности динамики развития территориальных систем расселения: геополитический аспект. // Академический вестник УралНИИпроект РААСН. № 2. -2009. - С. 34-42.
12. Покшишевский В.В. Населения и география. Теоретические очерки. - М.: Мысль, 1978. С. 32.
13. Расселение населения и размещение производства. - М.: Наука, 1982. С. 86-87.
14. Сырлыбаев М.К. Расселение сельского населения Республики Казахстан: проблемы и приоритеты. Автореф. на соиск. уч. степени к.э.н. Алматы. 2005.
15. Уставщиков В.В. Расселение и геодемографическая ситуация в сельской местности Саратовской области в 90-е годы. Дис. на соиск. уч. степ. канд. геогр. наук. Москва. 2003. с. 9-10.
16. Фукс Л.О. Региональное расселение как система самоорганизация и принципы управления. (Исследовательская модель расселения на юге Западной Сибири). Автореф. дисс. на соис. уч. степени доктора геог. наук. Санкт-Петербург. 2007.
17. Ходжаев Д.Г., Вишнякова В.С., Глабина Н.К. Эффективность расселения: проблемы и суждения. - М.: Мысль, 1982. с. 8.
18. Хорев Б.С. Проблемы городов (Урбанизация и единая система расселения в СССР). М.: Мысль, 1975. С. 4-5.
19. Шувалов Е.Л. География населения. - М.: Просвещение, 1977. С. 108.

Аталған мақалада халықты орналастыру теориясы аясындағы парадигмаларға салыстырмалы түрде талдау жасалған және «халықты орналастыру» түсінігі ашылған. Халықты орналастыруға әсер тигізетін факторлар мен ерекшеліктер көрсетілген. Халықты орналастыру теориясы бойынша зерттеушілердің анықтамалары қорытындыланды және олардың негізінде ғылыми тұрғыдан жаңадан халықты орналастыру ұғымы берілді.

In this article, a comparative analysis of paradigms in the theory of population settlement. Disclosed the concept of "resettlement". You are the revealed specific features and factors paradigms of population settlement. The definitions of researchers on the theory of resettlement on the basis of consideration of a proposed new scientific interpretation of the definition of resettlement of the population.

3.Ш. Айтуганова

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ ДАМУЫ

Ғаламдану жағдайында экономикасы дамыған елдер болашағы елеулі ғылым салаларын дамытуды және жоғары білікті мамандарды дайындауды өзінің басты басым бағыты ретінде белгілейді және сол арқылы экономикалық өсуге қол жеткізу жолдарын анықтайды.

Қазіргі жағдайда экономикалық өсуге қол жеткізу еңбек ресурстарының кәсіби сапасын арттыру арқылы мүмкін болатындағы белгілі, Осы орайда, елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында мемлекет адам капиталын дамытуға көп инвестиция бөлу үшін арнайы шаралар қолдануда. Мысалы, адам капиталының басты көрсеткіштері білім беру және денсаулық сақтау салаларына мемлекеттік бюджет шығындарының жылдан-жылға көбеюін келтіруге болады: білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік төлемдерге 2008 жылғы бюджеттен 728,5 млрд. теңге көзделіп отыр /1/.

Адам капиталын қалыптастыруға қалыпты жағдайлар жасау мына бағытта жүзеге асады:

- отбасы бюджетін жасау және пайдалану; отбасы бюджеті жалақыдан және кәсіпкерлік табыстан құралады;

- үй шаруашылығын жүргізу өндірістік іс-әрекет формасында жүзеге асады, яғни үй шаруашылығы қажеттіліктерін өтеу және сату мақсатында тауарлар мен қызметтерді ұсына алады.

Жалпы, БҰҰ мемлекеттің даму деңгейін анықтағанда, алдымен адамның даму факторына көңіл аударады. Сол себепті даму индексінің көрсеткіштері үнемі назарда болу керек. Ол көрсеткіштерді құрайтындар:

- халықтың денсаулығы;

- білімі;
- жалақы деңгейі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қоғам денсаулығын нығайту үшін адамның өмір сүру сапасын жақсарту керек деп есептейді. Оған әсер етін факторларға төмендегілерді жатқызуға болады:

- қоршаған ортаның тазалығы;
- таза су мен құнарлы тағам;
- салауатты өмір сүру;
- мемлекеттің әлеуметтік қорғау кепілдіктері.

Дүниежүзілік денсаулық ұйымының мәліметтері бойынша сапалы медициналық көмектің нәтижесінде халық денсаулығының көрсеткіші тек 10 пайызға жоғарылауы мүмкін. Ал, қалған 90% қоғам денсаулығының көрсеткіші қоршаған орта және әлеуметтік қорғау мәселелерімен тығыз байланысты.

Біріншіден, қоршаған ортаның ластануынан туындайтын ауруларды тек емдеумен шектелмей, олардың алдын алу шараларын жүргізу, яғни суды, ауаны, жалпы қоршаған ортаны адам өмірінен зиянды заттардан тазарту қажет;

Екіншіден, адам организмі керекті құнарлы және таза тағаммен қамтамасыз етілу үшін халықтың тамақтану мәдениетімен бірге, жалақы деңгейін көтеру, яғни әлеуметтік қорғау мәселесін қолға алу керек;

Үшіншіден, кейбір топтағы адамдардың жағымсыз тәртібінің арқасында таралатын аурулар санын азайту үшін оларды салауатты өмір сүруге құқық қорғау органдарымен бірлесіп бейімделу қажет;

Төртіншіден, халық арасында тез таралып бара жатқан аурулардың алдын алу үшін дене шынықтыру жүйесін насихаттау қажет;

Бесіншіден, кейінгі кезде елімізде кең таралған әлеуметтік аурулар тобына жататын туберкулез дертінің алдын алу үшін оның себеп-салдарына мән берілу және таралу көрсеткішін немесе азаюын әлеуметтік қорғау жүйесімен бірігіп шешу қажет.

Қорыта келгенде, кез келген аурудың алдын алу оған емдеу жүргізгеннен арзанға түседі және мемлекет үшін тиімді болып табылады.

Планетамыздағы адамзаттың іс-әрекетінің нәтижесін бағалаудағы экономикалық және экологиялық бағыттар тура қарама-қайшы: экономистер бұл нәтижелерді өндіріс көлемін ұлғайту мен тұтыну мөлшерінің өсуі негізінде бағаласа, ал экологтар табиғат пен адам денсаулығына тигізген шығыны негізінде бағалайды. Сонымен қатар, адамзаттың табиғатқа тигізген әсерінің деңгейін адекватты бағалауда экология-экономикалық көрсеткіштердің жиынтығын қолдану керек. Адамдардың бірнеше ұрпағында қоғамдық прогрессивті даму түсінігі экономикалық өсумен бірге жүрген. Бірақ өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өнеркәсіпті дамыту адамзаттың қоршаған ортаның табиғи тепе-теңдігін бұзушылығына алып келеді. Өйткені адамзаттың табиғатқа деген тәуелділігі жылдан жылға артпаса кемімейді.

Өндірістік қалдық үйінділері, олардың қалыптасуы мен сақталуы қажетті тура шығындарынан басқа, қоршаған ортаны ластауы арқылы халық шаруашылығына үлкен зиян келтіреді. Сонымен бірге пайдаланылатын жерлердің үлкен аумағына таратылады. Осыдан барып пайдалы қазбалар мен өндіріс қалдықтарын толайым пайдалану міндетті мәселелердің бірі ретінде қарастырылуы керек. Ғалымдардың бағалаулары бойынша шикізатты пайдаланудың пәрменділігін арттыру пайдалы қазба сұранысын 20-25 % қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Қайтып орнына келмейтін ресурс қорларының шектеулігі және өндірістің ресурс қорларының шектеулігі және өндірістің қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмау қажеттілігі тау-кен өндіру салаларында табиғатты ұтымды пайдаланудың экологиялық-экономикалық механизмін жасау мәселесін тудырады.

Қоршаған ортаның ластануынан болатын зиян экономикалық, экологиялық және әлеуметтік болуы мүмкін:

- экологиялық зиянда қоршаған ортаның, флора мен фауна жағдайлары нашарлап, ахуалы төмендейді деп түсінген жөн;

- әлеуметтік зиян адам денсаулығының нашарлауы мен әлеуметтік тұрмыс жағдайының төмендеуінен байқалады;

- экономикалық зиянды ластану әсерінен болған келеңсіз өзгерістердің негізгі сипатын ақшалай бағалау деп түсінген дұрыс.

Зиянның тигізетін салдары өте кең көлемді, яғни металдардың жылдам коррозияға ұшырауымен, ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмендеуімен, флора мен фаунаның құруымен байланысты адам денсаулығының нашарлауынан бастап, шығындарға дейінгі аралықты қамтиды.

Туындаған мәселелердің өте маңызды екенін мойындай отырып, мемлекет оларды Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастыққа қосылуын жеңілдететін өркениетті жолмен шешуге айрықша назар аударуда. Құбылыстардың тәуелді кірігу процесі экономикалық, әлеуметтік дамудың жалпы сипатын айқындауға экологиялық әсері артқанын көрсетеді.

Соңғы он жылдықта өнеркәсібі дамыған елдерде қоршаған ортаны қорғаудың ұлттық, аймақтық бағдарламалары іске асырылып жатыр. Онда түрлі кешенді шаралар қарастырылған: зардаптарды талдау мен экономикалық және технологиялық бақылау құралдарына басымдылық беру, қоршаған ортаның ластануынан сапалы түрде қорғау т.б. Дамыған елдерде табиғатты қорғау шараларын іске асыру үшін бөлінген шығыстардың деңгейі үнемі артып отыр. Тазалау құрылысын салу жолымен қоршаған ортаның қорғау проблемасын шешуді экономикалық қарқын өсіп отырғанда түбірімен өзгерту мүмкін емес.

Қоршаған ортаны сақтаудың іргелі заңдарына сәйкес мүлдем қалдықсыз технология мен қалдықсыз кәсіпорын болмайды. Оның үстіне кез келген өнім соңынан қалдыққа айналады. Оның үстіне байсалды экономикалық шектеулермен жалпы тазалау стратегиясы бар. Тазарту қондырғысының құны жоғары және өндіріске салынатын капиталдың құнына жақындайды.

Экологиялық зиянның экономикалық тиімділігін анықтауда көптеген пікірлерді келтіруге болады:

Н.Н.Федоренко мен К.Г.Гофманның пікірлері бойынша ластаушылар әрекетінің салдарынан келеңсіздіктің туындауы, қоршаған ортаның ластану деңгейінің көтерілуі, халық арасында және халық шаруашылығындағы экономикалық зиянның қосымша шығындары деп түсінген жөн /2/.

Кейбір зерттеушілердің пікірлері бойынша экономикалық тұрғыдағы зиянды таза табыстың, пайданың немесе ұлттық табыстың ысырабы деп қабылдайды.

Қоршаған ортаның ластануынан болатын шығындарды екі түрде қарастыруға болады:

- табиғатты қорғау шараларын жүзеге асырудан болатын шығындар;
- экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуынан болатын шығындар.

Қоршаған ортаның ластануынан болатын экономикалық зиянның құрамына табиғатты қорғау шығындарын, зиянның өтелу шығындары мен уыстан шыққан пайданың алынбаған табыс түрін немесе әсерін де есепке алу керек деп санаймыз.

Қоршаған ортаның ластануынан болатын экономикалық зиянды анықтаудың негізгі принциптері: табиғатты пайдалануды ақылы етіп шешу кезінде ұтымды пайдаланбаудан болатын экономикалық зиян көрсеткіштерінің орнын және рөлін анықтау қажет. Нормативті құжаттарға байланысты барлық кәсіпорындар қоршаған ортаға тигізген жағымсыз әсерлері мен зияны үшін өтем төлеп, орнын толтыруы тиіс.

Экологиялық жағдайлардың әсерінен болатын шығындардың қоғамға келтіретін зиянды жақтары көп. Соның ішінде экологиялық факторлардың нәтижесінде жеке тұлғаның экономикалық шығындары:

- экологиялық жағдайлардан туындаған аурудың салдарынан жұмысқа деген қабілеттіліктің төмендеу нәтижесінде кірістің азаюы;
- денсаулығын қалпына келтіруге қосымша қаражаттың жұмсалуды;
- экологиялық аймақтардың тұрғындарына және белгілі бір апаттың нәтижесінде ауруға шалдыққан адамдарға қосымша ақы және жеңілдіктердің болуы.

Кейбір салалардағы табиғатты қорғау шығындары өнімнің өзіндік құнына кіреді және баға арқылы шығынның орны толтырылады. Шығынның өтелуі толықтай есеп жүргізуге

мүмкіндік беріп қана қоймай, қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендетіп, табиғатты қорғау қызметін ынталандыруды қамтамасыз етеді.

Ақылы табиғатты пайдаланудың жазалаушы қызметінің міндетімен қатар, әсіресе, нормадан тыс шығарындылар үшін табиғатты қорғау қызметінің материалдық жағынан ынталандыру мәселесін қарастырған жөн. Шығарындыларды болдырмау қоғамға қажетті азық ретінде ұсынылуы мүмкін. Бұл азық тауардың сипатында, яғни тұтыну құнының шамасындай болады. Демек, қоршаған ортаны қорғауды ынталандырудың бір формасы «өнімді» сату болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау қызметінде кәсіпорындар арасындағы бұл жұмыс мемлекет пен кәсіпорын арасында тауар алмасу жолымен жүзеге асырылады. Нарық экономикасы дамыған елдерде белгіленген аумақ үшін белгілі көлемде, зиянды шығарындыларды қосымша қысқартқаны үшін тиесілі сыйақының бір бөлігін аламын деп есептеуіне болады. Әрине, ол кәсіпорынның табиғатты қорғау шараларына қосқан үлесіне де байланысты болады.

Қоршаған ортаның сапасы кез келген табиғи ортаға тән, ол әлеуметтік, эстетикалық, құқықтық, санитарлық-гигиеналық, медициналық, экологиялық т.б. нормалар мен стандарттарға сай болатын қасиеттердің жиынтығы. Кей жағдайда қоршаған ортаның сапасы дегенде, оның адам мен қоғамның қажеттілігін өтейтін табиғатты пайдалану нормативтеріне сай келетін жағдай деп түсіну қажет. Басқаша айтқанда, табиғи ортаның сапасы дегеніміз, адамның өмір сүруі мен қызметін қамтамасыз ететін табиғат жағдайы.

Экологиялық және экономикалық мүдделердің үйлесім табу қағидасы мемлекет дамуының әр кезеңінде әртүрлі көрініс табады. Оған өндірістік қатынастар мен өндірістік күштердің даму деңгейі, қоғамның жіктелуі, қойылған мақсаттардың сипаты т.б. әсер етеді.

Қазіргі кезеңде экологиялық дағдарыстан шығу жолындағы тынымсыз ізденістер тұрақты даму концепциясына алып келеді. Тұрақты дамудың анықтамасы бойынша экология мен экономика әріптес болуы тиіс.

Тұрақты даму - бірқалыпты жағдайда, табиғи және әлеуметтік дағдарыссыз даму. Тұрақты дамуды қамтамасыз ету құралдарымен байланысты мәселелерге мыналар жатады:

- қаржы ресурстары және оларды пайдалану механизмі;
- экологиялық қауіпсіз технологияларды қолдану;
- тұрақты дамуды ғылыми және ақпараттық қамтамасыз ету.

Тұрақты дамуға өту барысындағы экологиялық білім мен тәрбие берудің негізгі атқаратын функциялары:

1. Қоғамның тұрақты дамуына үлесін қосу;
2. Қазіргі және келер ұрпақтың экологиялық қауіпсіздік деңгейін жоғарылату;
3. Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты рационалды пайдалануға байланысты халықтың азаматтық позицияларындағы белсенділікті арттыру;
4. Қазіргі заңдылықтар негізінде табиғи ресурстарды тұтыну мәдениетін жоғарылату.

Адамзат дамуының жаңа формуласы: жақсы экология - бұл жақсы экономика, ал жақсы экономика - бұл жақсы экологияны қамтамасыз ету мүмкіндігі болып шығады. Сонымен, тұрақты дамудың бірыңғай құрамдас үш моделі бар:

- экологиялық дамудың баланс жасалған жетістіктері;
- экономикалық өсу;
- демографияны қоса алғандағы әлеуметтік даму.

Экологиялық жауапкершілік адамның мына қасиеттерімен байланысты:

- өз іс-ірекетін бақылау;
- табиғи ортадағы өз іс-ірекетінің нәтижелерін болжай білу;
- өзіне және басқаларға сын көзбен қарай білу т.б.

Экологиялық білім берудің негізгі мақсаты - табиғатқа деген жауапкершілік қатынасты қамтамасыз ету.

Табиғат компоненттері өзара үйлесіммен құралған. Оның даму жолының өзіндік заңдылығы бар. Қазіргі экологиялық дағдарыстың басты себебі заңдылықты білмеуде, осыдан табиғаттың зат және энергия алмасу жүйесі бұзылады. Сондықтан, экологиялық

сауатсыздықты жою, қоғамды экологияландырумен қатар, қоршаған ортаны қорғау әрбір адамның міндеті болуы тиіс. Бұған білім берудің барлық кезеңінде көңіл бөлу және экология мәселелері бойынша білім берудің мемлекеттік бағдарламасын жасау қажет. Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев “Қазақстан-2030” даму стратегиясында халыққа экологиялық білім беру мәселесіне айрықша назар аударылған /3/.

Бүгінде негізгі пайдалы қазбалармен бірге жатқан құнды табиғи ресурстарды экономикалық тиімді өндіру қажет. Табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ету, яғни бұған барлық тау-кен өндіруші салаларын ғылыми негіздегі қатысу кезінде оның экономикалық механизмін жетілдіруді білдіреді.

Өндірістік қалдық үйінділері, олардың қалыптасуы мен сақталуының қажетті тура шығындарынан басқа, қоршаған ортаны ластауы арқылы халық шаруашылығына үлкен зиян келтіреді. Сонымен бірге пайдаланылатын жерлердің үлкен аумағына таратылады. Осыдан барып пайдалы қазбалар мен өндіріс қалдықтарын пайдалану міндетті мәселелердің бірі ретінде қарастырылуы керек. Ғалымдардың бағалаулары бойынша шикізатты пайдаланудың пәрменділігін арттыру пайдалы қазба сұранысын 20-25% қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Қайтып орнына келмейтін ресурс қорларының шектеулігі және өндірістің ресурс қорларының шектеулігі және өндірістің қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмау қажеттілігі тау-кен өндіру салаларында табиғатты ұтымды пайдаланудың экологиялық-экономикалық механизмін жасау мәселесін тудырады.

Экономикалық даму жалпы алғанда табиғи ресурстар қорына тәуелді болғандықтан, экологиялық проблемаларды экономикалық жоспарлау шеңберінде қарастыру қажет. Егер бұл жүйенің біреуінде өзгеріс болса, екіншісіне әсер етеді, сондықтан да экономика мен табиғат байланысы маңызды орын алады.

-
1. “Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы” /Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы, 2004.
 2. Диксон Д., Скура Л. Экономический анализ воздействия на окружающую среду. – М., 2000. - 270 с.
 3. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан-2030 /Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы, 1998.

В статье рассматриваются проблемы окружающей среды, их влияние на человеческий капитал.

This article is environmental problems and their influence on human capital.

А.С. Досумова

ИНВЕСТИЦИИ В ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ В УСЛОВИЯХ ИНТЕГРАЦИИ В МИРОВОЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ ПРОСТРАНСТВО

Индустриально-инновационное развитие страны подразумевает высокие качественные параметры работников. Естественно, чем выше качество специалиста, тем больше вероятность успешного освоения им сложных технологий и технического оборудования. Анализ трудовой ситуации показывает, что в Казахстане на данный момент уровень профессионализма работников далеко не адекватен современным научным и техническим достижениям, что значительно затрудняет подъем экономики, тормозит инновационные процессы. Уже сейчас отдельные отрасли, к примеру, машиностроение, металлообработка и другие, в процессе начавшейся модернизации, обновления основного капитала столкнулись с острой нехваткой высококвалифицированных специалистов, которых национальный рынок труда пока еще представить не может. И потому действующие в Казахстане иностранные нефтя-